

Байқау ұйымдастыру «Қардан жасалған қысқы құрастырмалар»
тәрбиешілердің балалардың біріккен жұмысы



«Қардан жасалған қысқы құрастырмалар»

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес «Қардан жасалған қысқы құрастырмалар» атты ата-аналар және тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің бірлескен шығармашылық байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

Байқаудың негізгі мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялын шыңдау, табиғи материалдармен жұмыс жасауға қызығушылығын арттыру және мен тәрбиешілер және тәрбиешілер арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Байқау барысында әр топтың ата-аналар мен балалары қысқы тақырыпқа сай әсем қар мүсіндері мен құрастырмалар жасап, белсенділік танытты. Қатысушылардың жұмыстары шығармашылық ерекшелігі, ұқыптылығы және көркемдік безендірілуі бойынша бағаланды.

Құндылықтар; талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)

Балалардың театрландырылған іс-әрекеті

«Ертегілер елінде» балалардың ертегілерді сахналауын ұйымдастыру және өткізу





Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес «Ертегілер елінде» атты балалардың ертегілерді сахналау іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау және сахнада өзін еркін ұстауға баулу. Іс-шара барысында тәрбиеленушілер түрлі ертегі кейіпкерлерінің образын сомдап, ертегілерді мәнерлеп жеткізе білді. Балалар өздерінің актерлік шеберлігін, тапқырлығын және шығармашылық белсенділігін көрсетті.

Өткізілген іс-шара балалардың қиялын дамытып, топпен бірлесіп әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

